**"Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша қосылған құн салығының төленуін бақылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 13 ақпандағы № 174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 282 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 сәуірде № 18475 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша қосылған құн салығының төленуін бақылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 13 ақпандағы № 174 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16440 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 7 наурызда жарияланған) мынадай өзгерту енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша қосылған құн салығының төленуін бақылау қағидаларында:

осы бұйрықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес 1 және 2-қосымшалары жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәлеметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Премьер-Министрінің*
*Бірінші Орынбасары –* *Ә. Смайылов*
*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы министрі*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші Орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы 1 сәуірдегі
№ 282 бұйрығына
1-қосымша

Көрме-жәрмеңкелік сауда
бойынша қосылған құн
салығының төленуін
бақылау қағидаларына
1-қосымша

Нысан 01 Бет 01

**КӨРМЕ-ЖӘРМЕҢКЕЛІК САУДА ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз

1 Көрмені (жәрмеңкені) ұйымдастырушының атауы:

2 ЖСН(БСН)

3 Көрмені (жәрмеңкені) өткізу орны:

Көрмені өткізу мерзімі:

4 Басталу күні ____ жыл  5 Аяқталу күні ____ жыл

6 Аумағынан көрме-жәрмеңкелік сауда үшін тауарлар әкелу жүргізілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің коды

7 Көрме-жәрмеңкелік саудаға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден қатысушылардың саны

8 Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттен көрме-жәрмеңкелік саудаға қатысушылар тізімінің қосымшасы ____ парақта

9 Салық төлеуші

Мен осы хабарламада келтірілген мәліметтердің дәйектілігі мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты боламын.

Шектеу сызығынан шықпаңыз
Басшының аты-жөні немесе дара кәсіпкердің аты-жөні / Қолы

Хабарлама тапсырылды ____ жыл

Мемлекеттік кірістер органының коды

М.О.*

10 Мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы

Шектеу сызығынан шықпаңыз
Хабарламаны қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні / Қолы

Құжаттың кіріс нөмірі ____ Күні ____ жыл

М.О.

Ескерту: * жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші Орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы 1 сәуірдегі
№ 282 бұйрығына
2-қосымша

Көрме-жәрмеңкелік сауда
бойынша қосылған құн
салығының төленуін
бақылау қағидаларына
2-қосымша

Нысан 01 Бет 01

**КӨРМЕ-ЖӘРМЕҢКЕЛІК САУДА ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА БОЙЫНША ЕСЕП**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз

1 Көрмені (жәрмеңкені) ұйымдастырушының атауы:

2 ЖСН (БСН)

3 Көрмені (жәрмеңкені) өткізу орны:

Көрмені өткізу мерзімі:

4 Басталу күні ______ жыл

5 Аяқталу күні ______ жыл

6 Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден көрме-жәрмеңкелік саудаға қатысушылардың саны

7 Аумағынан көрме-жәрмеңкелік сауда үшін тауарлар әкелу жүргізілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің коды

8 A Өткізілген тауарлардың жалпы құны: (млрд. млн. мың)

B Төленуге тиіс ҚҚС сомасы (млрд. млн. мың)

9 Көрме-жәрмеңкелік сауда нәтижелерінің қосымшасы ______ парақта

10 Салық төлеуші

Мен осы есепте келтірілген мәліметтердің дәйектілігі мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты боламын.

Шектеу сызығынан шықпаңыз

Басшының аты-жөні немесе дара кәсіпкердің аты-жөні / Қолы

Есеп тапсырылды ______ жыл

Мемлекеттік кірістер органының коды

М.О.*

11 Мемлекеттік органының лауазымды тұлғасы

Шектеу сызығынан шықпаңыз

Есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні / Қолы

Құжаттың кіріс нөмірі ______ Күні ______ жыл

М.О.

Ескерту: * жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК